

Арайлы КАТОНҚАРАҒАЙ

◆ №43 (8395) ◆ 24 ҚАЗАН ◆ 2025 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ ◆ ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГАЗЕТА
ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ТОҒЫСЫ: Өскеменде Катонқарағайдың мәдени күндері өтті

Тимур СЕРІКХАН

17-18 қазанда Шығыстың бас шаһары Өскеменде жылдағы игі дәстүрге сай Катонқарағай ауданының мәдени күндері айрықша сән-салтанатпен өтті. Мәдени күндердің шымылдығы Шығыс Қазақстан облыстық филармониясындағы мерекелік гала-концертпен түрілді. “Туған жер – алтын бесігім” жобасы аясында ұйымдастырылған шара Төр Алтайдың баурайындағы киелі өлкеміздің тағылымды тарихы, бірегей тұмса табиғаты мен өңіріміздің заңғар тұлғаларын ұлықтауға арналды.

Шараға ағылған қалың жұртшылық алдымен облыстық филармонияның кең фойесінде ұйымдастырылған мерекелік көрмені тамашалады. Мұнда қойылған түрлі мазмұндағы экспозицияларда көрермендер ауданымыздың руханияты мен мәдениеті, өнері мен тарихы, беткеуістар салалары турасында мол мағлұмат алып, аса қызығушылықпен тандай қағысты.

Мәселен, көрмеде Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өз қорғауындағы жабайы аңдар мен құстар, Алтайдың қолат-қойнауындағы сан алуан соқпақтары жайында әзірлесе, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлері б.з.д. II–I мыңжылдықтарға жататын адам бейнесі бейнеленген әшекейлі белдік шығыршығы, сүйектен жасалған тарақ, бұғы мүйізінен жасалған бұйымдар сияқты тарихи жәдігерлерін көпшіліктің назарына ұсынды.

– Өткенімізден сырт шертетін бұл тарихи жәдігерлер Берел қорғандарынан табылған. Бұлар – еш жерде жоқ, қайталанбас бұйымдар. Мұндай артефактілер дүйім Еуразия кеңістігінде сирек кездесетінін атап өткен жөн, – дейді музей-қорықтың бас қор сақтаушысы Жәния Серікбаева.

Көрменің енді бір шетінде аудандық



орталық кітапхана ұжымы ұсынған көрмеде Төр Алтайдың төл перзенттері, әдебиетіміздің маңдайалды қарымды қаламгерлері Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дихахмет Әшімханұлы, Әлібек Асқаровтардың шығамашылық мұралары әдіптеле орын алды. Көрмеге Оралхан Бөкейдің туған ауылы Шыңғыстайдағы музей-үйіндегі жәдігерлері арнайы әкелінді. Солардың ішінде заңғар жазушының көзі тірісінде қолданған фотоаппараты, былғары сөмкесі, сағаты мен визиткасы, тағы да

басқа заттары келген көпшіліктің назарын өзіне аудартпай тұрмады. Онан бөлек, қаламгердің қолжазбалары да қойылды.

– Біз 14 бағыттағы туристік маршруттар әзірледік. Келушілер Берел қорғандарын, Қаракөл көлі, Бұқтырма мен Рахман қайнары, Марқакөлге апаратын Ирек асуының жолын тамашалай алады. Бұл жерлер – адам жанын тербетіп, тынысын ашатын мекендер, – дейді ұлттық парк қызметкерлері.

Катонқарағай ауданының мәдени

күндеріне арналған шараға аудан орталығындағы С.Ластаев атындағы орта мектебінің шәкірттеріне ағылшын тілін үйретіп жүрген филиппиндік Майкл Секарро Непал мен Ебенезар Йебоа Овусуродом да жетіпті. Бұл екі шетелдік ұстаздар арнайы шақыртумен келген. Олар биылғы оқу жылының соңына дейін ауыл мектебінде арнайы жоба аясында қызмет атқаратын болады.

(Соңы 2-бетте)

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Рахманның жолы жөнделіп жатыр

Рахман қайнарына апаратын жолда туристер үшін Мұзтау шыңын тамашалауға арналған арнайы көрініс алаңы мен кең автотұрақ салынып жатыр. Табиғи көрінісімен ерекшеленетін бұл бағытта жол сапасын жақсарту жұмыстары да қызу жүріп жатыр. Бұған дейін бұл учаскеде асфальт мүлде болмаған.

Ұзындығы 13 шақырым болатын жол бөлігінде көптен күткен жөндеу жұмыстары басталған.

– Биыл жолдың негізін толық аяқтаймыз, келесі жылы асфальт төсеу жоспарланған. Қазіргі уақытта жұмыстардың 90 пайызы орындалды. 23 су өткізу құбыры орнатылып, үш көпір салынды, – дейді «ЗАЙСАН құрылыс компаниясы» ЖШС құрылтайшысы Нұрасыл Болатбек.

Жөндеу жұмыстары ерекше табиғи аумақта – Ұлттық парк аумағында орналасқандықтан, бұл жерде жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат жоқ. Тау жыныстары тек экскаватордың көмегімен ұсақталып, сол материал жолға төселуде. Бұл әдіс жұмысты күрделендірсе де, табиғи ортаға зиян келтірмеу үшін қолданылып отыр. Құрылысшылар жұмыстарды қыс мезгілінде де жалғастыруды жоспарлауда.

Katon info

“Арайлы Катонқарағай” газетіне

ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Қымбатты аудан тұрғындары мен қонақтары!

Катонқарағай ауданының «Арайлы Катонқарағай» газетіне

2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда!

Газетке жазылу құны
6 айға - 2700 теңге.

Аудандық газетке
«Қазпошта» АҚ-ның барлық
бөлімшелерінен жазыла аласыздар.
Жазылу индексі: 19119

Қосымша сұрақтар бойынша: 8 (775) 648-33-77

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Мейірімге толы сый жасады

Катонқарағай ауданының Өскемен қаласындағы мәдени күндері аясында тағы бір игілікті іс атқарылды. Аудан әкімінің орынбасарлары Әли Шапенов пен Серік Жакитов Өскемендегі «Үміт» арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына арнайы барып, ондағы тәрбиеленушілермен жүздесті. Қонақтар балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлап қана қоймай, аудан халқының жүрек жылуы мен қамқорлық пейілін жеткізді.

Кездесу барысында аудан басшылары балалармен емен-жарқын әңгімелесіп, олардың қызығушылықтары мен армандарын тыңдады. Қонақтар балаларға ет және сүт өнімдері, жаңа піскен жеміс-жидек, көкөніс пен тәтті сыйлықтар табыс етті.

– Бұл – Катонқарағай халқының жүрегінен шыққан сый. Біз үшін балалардың жүзіндегі күлкі мен қуаныштан артық марапат жоқ. Осындай жылы кездесулер дәстүрге айналсын деп тілейміз, – деді аудан әкімінің орынбасары Әли Шапенов.

Балалар үйінің ұжымы аудан басшылығына алғыс білдіріп, бұл кездесудің тәрбиеленушілерге ерекше рухани серпін бергенін атап өтті.

Өскемендегі мәдени күндер тек өнермен дәстүр мерекесі ғана емес, адамгершілік пен жан жылуын дәріптеген тағылымды шараға ұласты. Катонқарағайлықтар осылайша өз өнерлерін ғана емес, жақсылық пен қамқорлықтың үлгісін де паш етті.

Katon info



ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

Өрт қауіпсіздігін білген жөн!

Тұрғын үй ауласында, қожалық учаскелерінде ірі жем-шөптерді жинау және дайындау кезінде өрт қауіпсіздік шарасын ұмытпағанымыз жөн.



Естеріңізде болсын, аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта болуы қажет. Көрсетілген қашықтықта ірі жем-шөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады.

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстарының шатырларына жинауға;

2) электр жеткізу желілерінің астына жинауға;

3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта жинауға;

4) көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, майларды, сабан және басқа да ірі жемшөптерді орналастыруға жол бермеңіздер!

Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралы-

мен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

Ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықталады.

Ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтын-дай етіп орындалады.

Отпен жұмыс істегенде ойланбай, жеңілдікпен жауапсыз қарауға жол бермеңіздер!

Өрт болған жағдайда «101» немесе «112» телефон нөміріне қоңырау шалыңыз, өзіңіздің аты-жөнізді, мекенжайыңызды айтуды ұмытпаныз!

Азат Мұхаметтоқтаров,
Катонқарағай ауданының
ТЖБ инженері, азаматтық
қорғау лейтенанты

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазэронавигация» ШЖҚ РМК «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының ұшу-қону жолағы бар әуежай» жобасына экологиялық жобалар материалдары (НРШ, ШРТЖ, ӨЭБ, ҚББ, ТҚШЖ, ҚМЖ-на ҚОҚБ) бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар **2025 жылғы 25 қарашада сағат 11:00-де** Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Белқарағай а.о. Белқарағай ауылы, Жүнісов к-сі, 43, ауылдық клуб мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдаулардан өту кезінде онлайн трансляцияға қосылуға арналған сипаттама:<https://us05web.zoom.us/j/89685608744?pwd=t7t9WGtVpDURIVFB9PdUbg3wXuarfg.1> Конференция идентификаторы: 896 8560 8744, кіру коды: 3c54ZD.

Жобаның тапсырыс берушісі: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазэронавигация» ШЖҚ РМК, «Есіл» ауданы, Е522 көшесі, 15 ғимарат, БСН: 30940015918, тел.: 8 (7172) 77-34-04.

Байланыс тұлғасы: Темірғалы Тұрғанбек Галлямұлы, тел: +77232293410, e-mail: Temirgaly@ans.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Семей Азаматжоба «Жобалау институты» өндірістік кооперативі, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Первомайская көшесі, 24-А үй, БСН 921240001168, Тел.: +7 701 210-98-00, e-mail: sempkpi@yandex.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен бірыңғай экологиялық порталда (ҰБДСОС және т. б.) танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар СОС ҰБД сайтында және т.б. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Объявление

РГП на ПХВ «Казэронавигация» Комитета гражданской Авиации Министерства транспорта Республики Казахстан уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по материалам экологических проектов (НДВ, ПДС, ПЭК, ПУО, ППМ и РООС на СМР) к Проекту «Аэропорт со взлетно-посадочной полосой Катон-Каргайского района Восточно-Казахстанской области».

Общественные слушания пройдут **25 ноября 2025 года в 11:00 часов** по адресу Восточно-Казахстанская область, Катон-Карагайский район, Белкарагайский с.о. с. Белкарагай, ул.Жунусова, 43, Сельский клуб.

Описание для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественных слушаний:<https://us05web.zoom.us/j/89685608744?pwd=t7t9WGtVpDURIVFB9PdUbg3wXuarfg.1> Идентификатор конференции: 896 8560 8744, код доступа: 3c54ZD.

Заказчик проекта: РГП на ПХВ «КазАэроНавигация» Комитета гражданской Авиации Министерства транспорта, Республика Казахстан, г.Астана, район «Есиль», ул. Е522, здание 15, БИН: 30940015918, тел.: 8 (7172) 77-34-04.

Контактное лицо: Темірғалы Тұрғанбек Галлямұлы, тел: +77232293410, e-mail: Temirgaly@ans.kz

Разработчик проекта: Производственный кооператив «Проектный институт «Семипалатинскгражданпроект», Республика Казахстан, область Абай, г.Семей, ул.Первомайская, д. 24–А, БИН 921240001168, тел.: +7 701 210-98-00, e-mail: sempkpi@yandex.ru

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале (НБД СОС и ПР) <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области» g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД СОС и ПР.

Хабарландыру

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары!

Катонқарағай ауданының «Арайлы Катонқарағай» газетіне ақылы қызметтер (жарнама, хабарландыру, еске алу, көңіл айту, бос жұмыс орындары) туралы газетіміздің arai-luch@mail.ru электрондық поштасына жазуларыңызға немесе +77756483377 нөміріне хабарласуыңызға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына!

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясы 2025 жылы 29 қазанда сағат 10.00-де Катонқарағай ауылы, Катонқарағай аудандық әкімшілігінің ғимаратында өтеді. Депутаттарды тіркеу сағат 9.00-ден бастап жүргізіледі.

Сессияға ұсынылатын күн тәртібі:
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 23/267- VIII «2025-2027 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
Өртүрлі мәселелер.